

**Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Елшілігін және Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Тұрақты Өкілдігін орналастыру үшін жер учаскелері мен үйлерді республика меншігіне сатып алу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 6 маусым N 782

Қазақстан Республикасының АҚШ-тағы Елшілігін және Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Тұрақты Өкілдігін орналастыру мақсатында, сондай-ақ Вашингтонда /Колумбия округі/ және Нью-Йоркте жылжымайтын мүлік рыногындағы және Америка Құрама Штаттарының Ұлттық Риггз банкімен ұзақ мерзімді кредит беру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілгенін ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Вашингтон қаласындағы / Колумбия округі/ 5130 Macarthur Boulevard, NW;

мекен-жайы бойынша алаңы 1863 шаршы метр жер учаскесін Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Елшілігін әкімшілік орналастыруға және 1015 Basil Road, Mclean, Virginia мекен-жайы бойынша алаңы 8094 шаршы метр жер учаскесін Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Елшілігінің өкілдік резиденциясын әкімшілік орналастыру үшін Нью-Йоркте 313 E.51 st St мекен-жайы бойынша алаңы 550 шаршы метр және Нью-Йорк қаласындағы 346-348 East 43 st. мекен-жайында орналасқан үйлердегі жалпы алаңы 846 шаршы метр ( өкілдік резиденциясы және тұрғын пәтер үшін. Жер учаскесін БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасы Тұрақты Өкілдігі үшін республиканың жекеменшігіне сатып алу жөнінде ұсынысы қабылдансын<\*>.

<\*>Ескерту. 1-тармақтың сөздер толықтырылған - ҚРМК-нің 1995.08.03. N 1072 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі ведомстволарымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Елшілігіне Америка Құрама Штаттарының Ұлттық Риггз банкімен Қазақстан Республикасының Елшілігі мен Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Тұрақты Өкілдігі үшін 1-тармақта көрсетілген жер учаскелері мен сатып алуға арналған 12,5 млн. /он екі миллион бес жүз мың/ АҚШ доллары сомасында ұзақ мерзімді кредит берілуі жөнінде келісім жасауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты Өкілдігі мұқтажына Нью-Йорк қаласындағы үйді қайта жаңғырту жөнінде агенттік келісім жасау үшін

қажетті құжаттарды әзірлеуге сарапшылық көмек көрсетсін<\*>.

<\*>Ескерту. 2-тармақтың сөздер алмастырылған - ҚРМК-нің  
1995.08.03. N 1072 қаулысымен.

3. АҚШ-тағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі  
Т.С.Сүлейменовке жоғарыда көрсетілген келісімдерге қол қоюға уәкілдік берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тартылған кредитті өтеу  
кестесіне сәйкес 1995 жылдан бастап және Келісімде айқындалған кезеңге дейін  
проценттерді төлеу және негізгі қарызды өтеуге арналған қажетті қаржыны "жұмыс  
істеп тұрған және жаңа елшіліктерді ұстауға арналған шығындар" тармағы бойынша  
көзделген қаржы шегінде бөлінсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК